

АХҚО БИРЖАСЫНЫҢ АЙЛЫҚ САУДА-САТТЫҚ ҚЫЗМЕТІНЕ ШОЛУ

«Қазатомөнеркәсіп» АҚ-ның АІХ-тегі акциялар саудасының наурыз айындағы көлемі 680 млн теңгені, ЖДҚ - 364.8 мың АҚШ долларын құрады

«Астана» халықаралық қаржы орталығының Биржасы (АХҚО Биржасы, АІХ) 2019 жылдың 1 наурызы мен 31 наурызы аралығындағы кезеңдегі сауда-саттық қызметінің шолуын ұсынады. Аталған уақытта «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның («Қазатомөнеркәсіп», «КАР») қарапайым акциялары бойынша айналым 680 832 345 теңгені (498 мәміле) құрады. Осы кезеңде «Қазатомөнеркәсіптің» жаһандық депозитарлық қолхаттарымен («ЖДҚ», «КАР.Ү») 364 859.03 АҚШ доллары сомасына 28 мәміле жасалды.

Ай ішіндегі сауда-саттыққа шолу

Бағалы қағаз	Ай қорытындысы бойынша мәмілелер саны	Өткен аймен салыстырғандағы өзгерістер, %	Ай қорытындысы бойынша мәмілелер көлемі	Өткен аймен дағы өзгерістер, %	Ай қорытындысы бойынша сатылатын акциялардың саны	Өткен аймен салыстырғандағы өзгерістер, %	2019 жылғы мәмілелердің жалпы саны	2019 жылғы мәмілелердің жалпы көлемі
КАР	498	-27%	KZT 680,832,345	-5%	127,780	-8%	1,913	KZT 2,222,042,220
КАР.Ү	28	-30%	USD 364,859.03	-42%	25,232	-45%	99	USD 1,314,114.74

Анықтама ақпарат:

АІХ. АХҚО Биржасы 2018 жылы «Астана» халықаралық қаржы орталығын дамыту аясында құрылды. 2018 жылғы 14 қарашада Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев АІХ алаңында бағалы қағаздардың алғашқы сауда-саттығын іске қосты. АІХ акционерлері қатарында АХҚО, GoldmanSachs, Шанхай қор биржасы, Жібек жолы қоры мен АІХ-ке сауда алаңын ұсынып отырған NASDAQ бар. www.aix.kz

АХҚО. 2015 жылдың желтоқсан айында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Астана» халықаралық қаржы орталығын (АХҚО) құру туралы Конституциялық Заңға қол қойды. АХҚО мақсаты халықаралық деңгейдегі жетекші қаржылық орталық құру болып табылады. АХҚО-ның міндеттері – Қазақстан Республикасы бағалы қағаздар нарығын дамыту, халықаралық нарық капиталын негізге ала отырып, бағалы қағаздар нарығының жандандырылуын қамтамасыз ету, қаржылық қызметтер саласына тікелей инвестиция тарту үшін, қолайлы орта құру арқылы ел экономикасына инвестиция тартуға жол ашу болып табылады. www.aifc.kz

БАҚ-пен байланыс
Елена Пак
Қоғаммен байланыс
бөлімінің бастығы
Тел: +7 (7172) 23 53 94
Email: y.pak@aix.kz
Қазақстан Республикасы.
Нұр-Сұлтан қ.
Мәңгілік Ел көшесі 55/19

www.aix.kz